

Артақшинова В.С., Тлеуова Н., Таңсықпаева А.  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті  
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.  
[tleovanursaa@gmail.com](mailto:tleovanursaa@gmail.com), [tansykpaevaaana@gmail.com](mailto:tansykpaevaaana@gmail.com), [venera\\_seitzhan28@mail.ru](mailto:venera_seitzhan28@mail.ru),

## ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ АҒЫМДАҒЫ ТЕНДЕНЦИЯЛАРДЫ ТАЛДАУ

Қаржы нарығындағы экономикалық көрсеткіштердің төмендеуі қаржылық тұрақсыздық пен азаматтардың қаржы құралдарына деген сенімін жоғалтуға себеп болды. Елімізде орнықты экономикалық өсу стратегиясын іске асыру мақсатында қаржы нарығының тетіктері арқылы қаржы ресурстарын пайдалану белсенділігін арттыру проблемасының шешімін табу қажет.

Экономикалық даму қарқынын жеделдету үшін көбірек адамдар жеке инвесторларға айналуы және өз жинақтарын биржадағы бағалы қағаздарға салуды, банктік депозиттер ашуды таңдауы қажет. Дамудың қазіргі кезеңінде қаржы құралдарын тиімді пайдалану және әлемдік тенденциялардың өзгеруіне тез бейімделу қабілеті ерекше маңызды [1].

Институционалдық тәсілді қолдана отырып, қаржы нарығының даму және оның инфрақұрылымының негізгі элементтерін, соның ішінде объектілерді, институционалдық субъектілерді, институционалдық ортаны және қаржы құралдарын анықталуда болып келеді. Нысандық ресурстар жиынтығы және нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету болып табылады, ал институционалдық субъектілерге мемлекет пен қаржы институттары кіреді.

Қаржы делдалдары да қаржы институттарының өкілдері болып табылады және нарықтағы белгілі бір мінез-құлық ережелерін сақтауы керек. Институционалдық орта қаржы институттарының жұмыс істеу шарттарын білдіреді, ал қаржы құралдары мен жаңа технологиялар бірыңғай қаржы жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қаржы институттары мен институционалдық ортаның жұмыс істеу динамикасы келесі аспектілерді қамтуы мүмкін:

- бос ақша капиталдары мен қаржы ресурстарын мемлекеттің инвестициялық қаражатына тартуға, жинақтауға, түрлендіруге қабілетті қаржы институттарының пайда болуы экономикалық нарықтық құрылымдарды одан әрі дамыту үшін қажет.

- сыртқы және ішкі факторлардың қаржы нарығының институционалдық жүйесінің дамуы мен жұмыс істеуіне әсері. Мысалы, салымшыларды, инвесторларды мемлекеттік реттеу және қорғау жүйесінің болуы, институционалдық инвесторлардың сандық және сапалық өсуі, инвестициялық, сақтандыру компанияларының рөлін күшейту, халықтың ұйымдасқан қаржы-несие мекемелеріне сенімі.

- дамушы қаржы нарықтарындағы қызметтің тиімділігі экономикалық агенттердің оның ерекшелігі туралы қаншалықты хабардар екендігіне және оған қаншалықты бейімделе алатындығына байланысты.

- транзакциялық шығындарды азайту институционалдық өзгерістер транзакция шығындарын төмендетуге ұмтылуы керек (бағалау, сараптама, шарттар жасасу, субъектілер арасындағы қатынастарды тіркеу, айырбастау шарттарының сақталуын бақылау және т. б.) сияқты назар аудару керек.

Қаржы нарығындағы ағымдағы тенденциялар өндірістің ұлттық және әлемдік экономика деңгейіндегі жұмысын көрсететін оның дамуындағы көріністер. Сондай-ақ бұл жағдайдың дамуының ең ықтимал бағыты. Олар әлсіреуі, күшеюі, даму векторына әсер ететін жаңа бөлшектер қосылуы мүмкін болады [2].

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін қаржы нарығындағы ағымдағы тенденцияларды талдауы бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды, кейбір негізгі бағыттары:

1. Экономикалық көрсеткіштер: ЖІӨ, инфляция, жұмыссыздық деңгейі сияқты макроэкономикалық көрсеткіштер қаржы нарығына әсер етеді. Мысалы, инфляцияның өсуі пайыздық мөлшерлемелердің көтерілуіне әкелуі мүмкін. - 2023 жыл инфляцияның өсу қарқынының төмендеуімен және жаһандық қор нарықтарының қалпына келуімен ерекшеленді: инфляция 2024 жылы 6-8%, 2025 жылы 5,5-7,5% деңгейінде айқындалды, кейіннен 2026–2028 жылдары 5%-ке дейін төмендейді деген болжам берілді. Сонымен қатар, 2024 жылы ЖІӨ-нің нақты өсуі 5,3%-ті құрайды, кейін 2028 жылы 6%-ке дейін өседі. Номиналды ЖІӨ 2024 жылғы 135 трлн теңгеден 2028 жылы 218,5

трлн теңгеге дейін өседі деп болжануда. Халықаралық үрдістерге сәйкес, қазақстандық қор нарығын капиталдандыру 13,0% немесе 4,6 трлн теңгеге 40,2 трлн теңгеге дейін немесе ІЖӨ-нің 35,3%-на дейін ұлғайды.

2. Пайыздық мөлшерлемелер: Орталық банктердің пайыздық мөлшерлемелерді өзгертуі қаржы нарығының динамикасына тікелей әсер етеді. 2024 жылдың қазан айының ортасында Қазақстандағы нақты пайыздық мөлшерлеме 5,95%-ды құрап, шілде айындағы 5,65%-дан жоғары болды. Бұл көрсеткіш кейінгі 12 ай бойы тұрақты түрде 5%-дан жоғары болып келеді. Жоғары пайыздық мөлшерлемелер облигациялардың тартымдылығын арттырады, ал акцияларға әсері теріс болуы мүмкін.

3. Технологиялық инновациялар: Бүгінде қаржылық технология маңызды рөлге ие. Еліміз қазір Орталық Азиядағы AI саласындағы инновациялар саны бойынша көшбасшы болып отыр, сонымен қатар, жасанды интеллект негізіндегі технологияларды дамыту мемлекеттік деңгейде басымдық берілген. Сонымен қаржы мамандары алдағы екі жыл қаржылық технология үшін түбегейлі өзгерістер уақыты болады деп есептейді. Қаржы технологиялары (FinTech) мен блокчейн технологиялары қаржы нарықтарының құрылымын өзгертуде. Криптовалюталар мен децентрализованная қаржы (DeFi) нарықта жаңа мүмкіндіктер мен қауіптер туғызады.

4. Геосаяси жағдайлар: Саяси тұрақсыздық, сауда соғыстары, санкциялар және басқа да геосаяси факторлар қаржы нарығына әсер етуі мүмкін. Мысалы, мұнай бағасының өзгеруі түрлі елдердің экономикасына әсер етеді. Қазіргі кезде еліміз әлемнің 186 мемлекетімен дипломатиялық байланыс орнатты және 70 мемлекетте 104 шетелдік мекемелер ашылды. 2024 жыл геосаяси тұрақсыздықтың өсуінен туындаған жаһандық экономикадағы терең өзгерістердің жылы болды. Сауда шектеулерінің күшеюі, операциялық тұрақтылық қажеттілігі және жасанды интеллектті жеткілікті реттемеген жағдайда, компанияларға тәуекелдерді басқаруға деген көзқарастарын қайта қарау және жаңа шындықтарға бейімделу қажет. Осыған байланысты 2020 жылғы наурызда «2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясаттың жаңа тұжырымдамасы» қабылданды, ол қазақстандық дипломатияны одан әрі жетілдірудің негізі болып саналады. Бұл құжат халықаралық аренада ұлттық мүдделерді ілгерілетудің стратегиялық басымдықтары мен тетіктерін айқындайтын базалық қағидаттарды қалыптастырады. Тұжырымдама сыртқы саяси бағыт негіздерінің сабақтастығын – көпвекторлықты, тепе-теңдікті, прагматизмді және ұлттық мүдделерді қорғауды көздейді.

5. Инвесторлардың психологиясы: Инвестиция әлемінде әккі болу үшін қаржылық сауатты болып, стратегияларды меңгеру керек деп жатады. Бірақ бұдан бөлек керек қасиет — инвестиция психологиясын жақсы білу. Яғни эмоцияға берілмей, салқынқанды шешім қабылдауды үйрену маңызды. Нарықтың көңіл-күйі, инвесторлардың сенімі мен күтулері де маңызды рөл атқарады. Психологиялық факторлар нарықтық үрдістерді қалыптастыруда шешуші болуы мүмкін.

6. Экологиялық және әлеуметтік факторлар: ESG (экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық) критерийлері инвесторлардың шешімдеріне әсер етіп, жауапты инвестициялау трендін қалыптастырады. Қазақстанда компаниялар ESG-ге көше бастады. ESG ақпаратының сапасы мен қолжетімділігін бағалайтын зерттеуді жариялады. Жалпы іріктеуге Қазақстанда жұмыс істейтін 96 компания кірді. Бағалау нәтижесінде ESG ақпаратты ашу деңгейі бойынша үздік 10 компанияның тізімі дайындалды. Тізімдегі компаниялардың 80%-ға жуығы KASE листингінде, ал биржаның талаптары ақпараттың ашылуына үлкен дәрежеде әсер етеді. Бұл ретте рейтингтің көшбасшылары негізінен нормативтік талаптардан шығып, халықаралық стандарттар мен трендтерді ұстануға бет алған компаниялар.

Өз жобаларында Қазақстанның тұрақты экономикалық өсуіне қол жеткізу үшін қаржы нарығының тетігі арқылы қаржы ресурстарын пайдалануды жандандырудың инновациялық шешімдерін табу қажет.

Бұл ретте акциялар нарығын капиталдандыру 26,7 трлн теңгені немесе 2023 жылы 26,4% ұлғайып, ІЖӨ-нің 23,5%-ын құрады. Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 13,5 трлн теңгені құрап, өткен жылдың ұқсас көрсеткішіне қатысты 6,5% төмендеді.

2023 жылы БҚНҚК геосаяси оқиғаларға және жаһандық инфляция деңгейінің өсуіне байланысты сыртқы жағымсыз факторлардың әсеріне қарамастан, таза пайданың 1,5 есеге жуық өсуін, клиенттік базаның 2,5 есе өсуін көрсетті, сондай-ақ Агенттіктің меншікті капиталдың жеткіліктілігі жөніндегі талаптарын артығымен орындайды. Сонымен қатар, бағалы қағаздар нарығындағы бөлшек инвесторлар саны едәуір өсті. 2023 жылдың басынан бастап Орталық депозитарийдің номиналды ұстау жүйесінде ашылған шоттар саны 2,5 еседен астам өсіп, 2,4 млн шотты құрады.

2024 жылы Агенттік Risk Assessment and Supervision System (RASS) моделі негізінде бағалау, қадағалау стресс-тестілеу, қаржылық және реттеушілік есептілікті талдау түріндегі ағымдағы қадағалау құралдарын пайдалану арқылы бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметінде тәуекелге бағдарланған қадағалауды және тәуекелдерді бағалауды жүзеге асыру жөніндегі жұмысты жалғастыруды болады.

Ағымдағы тенденцияларды іске асыру үшін, нарықтық деректер мен сараптамалық есептерді зерттеу, экономикалық жаңалықтарды бақылау және инвестициялық стратегияларды қайта қарау маңызды. Қаржы нарығының қатысушылары өздеріне салынған бос ақшаны көбейту үшін ең оңтайлы қаржылық құралдарды таңдайды, ал қаржы ресурстарына сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттесу ерекшеліктері зерттелетін нарыққа қатысушылар үшін сәттілікке үйрету мүмкіндіктерін анықтайды.

Бұл ретте бастапқы (немесе ақшалай) және туынды құралдар болып келеді.

1) Бастапқы қаржы құралдары - бұл қолма-қол ақша құралдары, олардың бағасы нарық тікелей анықтайды (ақшалай депозиттер, облигациялар, акциялар). Туынды қаржы құралы (туынды құрал) — Тараптар басқа нарықтық активтерді есептеу үшін база ретінде қызмет ететін қаржы құралының базалық активіне қатысты белгілі бір әрекеттер жасауға құқық алатын немесе міндеттенетін келісім (келісімшарт).

2) Туынды құрал - бұл құны базалық активке байланысты немесе олардан алынған құрал ретінде болады. Бұл, негізінен, белгілі бір уақыт аралығында және белгілі бір бағамен алдын-ала белгіленген активті (ақша сомасын) беруге келісетін келісімшарттың бір түрі.

Соңғы жылдардағы қаржы нарығында орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздардың динамикасын анықтау, топ-30 қаржы құралдары шеңберінде жеке тұлғалар қоржынының кірістілік көрсеткіштерін талдануында болды. Бастапқы қаржы нарығында акциялар немесе облигациялар сияқты бағалы қағаздардың жаңа шығарылымдарын орналастырады [3,4].

Қаржы нарығының әртүрлі сегменттерінде қолданылатын қаржы құралдарының 2024 жылы Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын дамытудың негізгі басымдықтарының бірі. Қазақстанның қор нарығының жаһандық капитал нарықтарына ықпалдасуын күшейтуге, сондай-ақ қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде облигацияны барынша азайтуға бағытталатын болады.

Бағалы қағаздарды орналастыру және сату тұрғысынан қаржы нарықтарына салыстырмалы және талдауы қараластырылды. Бұл тұрғыда қаржы нарығы бастапқы және қайталама нарықты қамтитынын ескеру қажет.

Бастапқы орналастыру бар, яғни бұл бағалы қағаздарды инвесторларға сату. *Бастапқы* нарықтағы бағалы қағаздың бағасын эмитент немесе аукцион рекультеті анықтай алады. *Қайталама* қаржы нарығы, керісінше, инвесторлар айырбастайтын шығарылған бағалы қағаздарды жинақтайды. Қайталама нарықта бағалы қағаздардың бағасы инвесторлардың сұранысы мен ұсынысы негізінде қалыптасады. Бағалы қағаздардың қайталама нарығындағы бағалар сұраныс пен өзгеріске байланысты бастапқы нарықтағы бағадан ерекшеленеді.

2024 жылы Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын дамытудың негізгі басымдықтары Қазақстанның қор нарығының жаһандық капитал нарықтарына ықпалдасуын күшейтуге, сондай-ақ қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталатын болады. Орталық депозитарийді өңірлік есеп айырысу-есепке алу хабына трансформациялау жөніндегі жұмыс жалғастырылады, сондай-ақ деривативтер нарығында және валюта нарығында орталық контрагенттің функцияларын KASE клирингтік орталығына беру жөніндегі іс-шаралар аяқталады.

Қадағалау саясаты мен бағалы қағаздар нарығын дамыту бағыттарын талқылау қорытындысы бойынша Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының және БҚНҚК өкілдері 2024 жылға арналған басым міндеттерде ескерілетін қосымша ұсыныстар туралы айтылуда болды.

2024 жылға арналған қадағалау саясатының және бағалы қағаздар нарығын дамытудың негізгі басымдықтары бойынша қорытынды құжат Агенттіктің ресми сайтында орналастырылатын болады.

Бағалы қағаздардың құнын белгілеудің функциялары мен әртүрлі ерекшеліктері бұл бастапқы нарық жаңа бағалы қағаздар шығарумен, ал екінші нарық инвесторлар арасындағы алмасумен байланысты болды.

Қарыз қаржы құралдарының нарығы инвестор алдындағы міндеттемелерін білдіретін облигацияларды, несиелерді және басқа да осындай құралдарды ұсынуды қамтиды. Бұл нарықта инвесторлар эмитентке пайыздық төлемдерді алу және болашақта қарызға берілген негізгі қарызды қайтару үшін қаражат береді. Қарыз құралдарының белгіленген өтеу мерзімі және тұрақты кірісі бар, бұл оларды үлестік құралдармен салыстырғанда болжамды және тұрақты етеді. Сондай-ақ олардың

тәуекел деңгейі төмен, өйткені қарыз құралын ұстаушы банкроттық жағдайында активтерін бөлу кезінде басым мәртебеге ие[5,6].

Қазақстан Республикасында орын алған бағалы қағаздардың түрлері болып келеді - бұл акциялар, облигациялар, коносаменттер және басқа да құжаттар бекітілген заң актілерінде бағалы қағаздар туралы немесе өздері белгілеген тәртіппен жатқызылады. Бағалы қағаз болып: ақшалай құжаты, меншік иесінің кейбір ақша сомасын немесе белгілі бір мүлдікті құндылықтары жатады. Деректер мүлдікті құқықтар бағалы қағаздар бойынша анықталатын сатып алу-сатуға, кепілге мүлдікті ұсына отырып, ақша несие құру үшін әр түрлі кәсіпорындарды және т. б. қажет. Сондықтан, бағалы қағаздар олардың иелеріне алуға белгіленген табыс болады.

Үлестік қаржы құралдарының нарығы компаниядағы меншік үлесін білдіретін акциялардың айналымын қамтиды. Акция иелерінің дивидендтер алуға және қарапайым акцияларға иелік ету кезінде компанияда шешім қабылдауға қатысуға құқығы бар. Үлестік құралдардың тұрақты кірісі мен өтеу мерзімі жоқ және олардың кірістілігі компанияның табысы мен кірістілігіне байланысты.

Экономикада қор нарығы экономиканың түрлі секторларында қызметін жүзеге асыратын эмитенттерге инвесторлардан түскен капиталды қайта бөлуді қамтамасыз етеді. Оның рөлін арттыру үшін реттеуші соңғы жылдары қор нарығына кәсіби қатысушыларды реттеуді ырықтандыруға, инвестициялар үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға және брокерлік қызметтердің инклюзивтілігін арттыруға бағытталған кешенді жұмыс жүргізді.

Бағалы қағаздар нарығында жаңа технологиялық шешімдерді енгізуді ынталандыру жөнінде шаралар қабылданды, бұл бүгінгі күні қор нарығын дамытудың, брокерлік қызметтер мен сервистердің сапасы мен қолжетімділігін жақсартудың негізгі қозғаушы күші болып табылады. Шетелдік инвестицияларды тарту үшін Қазақстан қор нарығын халықаралық капитал нарықтарында ілгерілету жөнінде жұмыс жүргізілуде[7].

Осылайша, қаржы нарығының жұмыс істеуінің теориялық және практикалық аспектілері қарастырылу барысында әртүрлі қаржы құралдарының кірістілік деңгейінің динамикасы және қаржы нарығының сегменттерінің даму дәрежесін талдау, сонымен қатар оның Қазақстан Республикасындағы экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз ету үшін инвестицияларды жинақтаудағы орны мен рөлі дәлелденеді. Қаржы нарығының дамуын және оны жетілдіру бағытын ескере отырып, проблемалар мен ұлттық ерекшелігін анықтайды.

Әлемдік қоғамдастық шеңберіндегі еліміздегі қаржы нарығының қазіргі жағдайы оны ең үлкен тәуекелмен ерекшелендіреді. Бүгінгі таңда қаржы нарығының көптеген сегменттері жетілдіруді қажет етеді, бұл отандық қаржы нарығының жастығымен түсіндіріледі.

Қазақстан экономикасы мен қаржы нарығы оларға қысым жасайтын санкцияларға байланысты көптеген қиындықтарға тап болды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының экономиканы дағдарыстан шығару бойынша шараларды уақтылы қабылдауы жағдайды тұрақтандыруға көмектеседі. Алайда, осы шұғыл өзгерістердің ұзақ мерзімді сипаты мен құрылымдық салдарын ескере отырып, экономикалық өсу қарқынын арттыру және жаңа шындықтағы қаржы нарығының барлық сегменттерін дамыту үшін жүйелі шешімдерді әзірлейді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2 қазан 2024ж.
2. Искаков Ұ.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Э.А. Қаржы нарығы және делдалдары: Оқулық. — Алматы: Экономика, 2008. — 296 бет.
3. ҚР Үкіметінің 12.12.2017 жылғы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлы Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы
4. «ҚР-да Open API, Open Banking мен цифрлық қаржылық қызметтер экожүйесінің дамуы» ҚР Ұлттық банкінің шолу баяндамасы URL: <https://www.nationalbank.kz/> (Жарияланым күні: 03.02.2023)
5. Интернет көзі: <https://stat.gov.kz>
6. Интернет көзі: [industries/business-statistics/stat-invest/publications/1](https://industries/business-statistics/stat-invest/publications/1)
7. Интернет көзі: <https://adilet.zan.kz/>